


«Бекітемін»
ЖШС «Ұлжан-Ана» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
М.Ахмедиева
Педагогикалық кеңес. Хаттама №1
29 тамыз 2023 жыл

02-01

ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР

2023-2024 оқу жылы

1. Ұйымдастыру жұмысы

- 1.1 Кіріспе
- 1.2 2022-2023 оқу жылының жұмысын талдау
- 1.3. 2023-2024 оқу жылының міндеттері
- 1.4 Балабақшаның күн тәртібі
- 1.5 Үлгілік оқу жоспары. Ұйымдастырылған іс әрекетінің кестесі
- 1.6 Бір жылға арналған іс-шаралар кестесі

2. Кадрлармен жұмыс

- 2.1 Педагогикалық кеңес
- 2.2 Өндірістік кеңес
- 2.3 Меңгеруші жанындағы кеңес
- 2.4 Педагогтарды аттестаттаудан өткізу кестесі
- 2.5 Құқықтық біліктілікті көтеру
- 2.5 Педагогтардың өз білімдерін көтеру жоспары
- 2.6 Мектеп пен балабақша арасындағы байланыс жұмыс жоспары
- 2.7 Педагог-психологтың жұмыс жоспары
- 2.8 Құқықтық жалпы оқыту (Мектепке дейінгі ұйым қызметінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілер)
- 2.9 Медициналық қызмет
- 2.10 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жоспары
- 2.11 Педагогикалық әдеп жоспары

3. Әдістемелік жұмыс

- 3.1 Әдістемелік кеңес
- 3.2 Консультациялар, семинарлар, семинар-практикумдер, дөңгелек үстелдер
- 3.3 Озық педагогикалық тәжірибе
- 3.4 Жас мамандармен жұмыс
- 3.5 Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер
- 3.6 Шығармашылық топтың жұмыс жоспары

4. Балалармен жұмыс

- 4.1 Қауіпсіздік мектебі
- 4.2 Ертеңгіліктер
- 4.3 Серуендер
- 4.4 Сайыстар, көрмелер
- 4.5 Жазғы сауықтыру жұмысы

5. Бақылау мен басшылық

6. Ата-аналармен жұмыс

- 6.1 Жалпы ата-аналар жиналысы
- 6.2 Топтардағы ата-аналар жиналысы
- 6.3 Ашық есік күнінің жоспары

7. Шаруа-әкімшілік жұмыстар

8. «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» жөніндегі іс шаралар жоспары

9. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары

1. Ұйымдастыру жұмысы

1.1 Кіріспе

ЖШС «Ұлжан-Ана» бөбекжай балабақшасы Түркістан облысы Шардара ауданы, Көксу ауылы М.Әуезов көшесі № 5 үйде орналасқан. Литцензия 0110462DX 11.12.2015 жылы беріліп, балабақша 16.12.2015 оқу жылында іске қосылды. Ғимараттың тұрғын ауданы 678,4 шаршы метр. Проектілік қуаттылығы 105 бала, жұмыс уақыты: Жұмыс уақыты 5 күндік, сағат 7.00 ден 18.30 дейін.

Балабақша бес топқа арналған: кіші топ, ортаңғы топ және ересек, МАД топтары жұмыс жасайды. Балабақшада акты залы, арнайы оқшауланған медициналық бөлмелер, кір жуатын, асхана мен қоймалар бар. 2019-2020 оқу жылының қарсаңында балабақша жанынан 2 (екі) топ қосылды. Олар ересек, ортаңғы топтары іске қосылып 48 бүлдіршінге орын ашылды. Әр топта бір тәрбиеші және бір тәрбиешінің көмекшісі жұмыс атқарады. Барлық бөлмелер талапқа сай жабдықталған. Электр жүйесі және өрт қауіпсіздігіне арналған құралдар орталықтандырылған. Жылу жүйесі пеш арқылы қатты отынмен жылынады.

Балабақша ауласы көгалдандырылған, жеміс бағы, әсемдік ағаштар мен гүлзарларға күтім жасалуда. Балабақша учаскелерінде спорт алаңы мен әрбір топқа арналған саяжайлар бар.

Әр бөлмеде талапқа сай заттары бар. Учаскелерде балалардың ойынына арналған орындар, құмдар бар. Әжетхана мекеменің ішінде және аулада орналасқан (жеткілікті). Балаларға толық жағдай көрсетілген.

Балабақшаның материалдық – техникалық жағдайы

Балабақшада сауықтыру – тәрбиелеу процесін ұйымдастыру мен жүргізу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Балабақша жақсы көгалдандырылған, бау-бақшасы, жеміс бағы, гүлзарлар бар.

Балабақшаның аумағы 2331,12 ____ шаршы. Дене шынықтыру алаңы, ____2__ серуендеу учаскесі бар, онда дәліздер, балалардың тыныш ойындары мен қозғалыс қызметіне, сюжеттік-рөлдік ойындарына, сумен және құммен ойнауға арналған жабдық орналасқан.

Балабақша ғимараты жоба бойынша салынған, екі қабатты, жарық, су, канализация, қанағаттанарлық жағдайдағы сантехникалық жабдық бар.

Топтық бөлмелер мен жатын бөлмелері бір-бірінен бөлінген. Әр топтың өз кірер есігі бар. Барлық кабинеттер қажетті құрал-жабдықтармен, ойын және оқу дидактикалық материалдарымен жабдықталған.

Заттық-дамытушылық орта ойластырылған. Оқу құралдарының барлық түрлерімен ойыншық түрлері оқыту мен тәрбиелеудің өзгешелігі мен міндеттеріне байланысты оларды қолдану әдістемесін ашады, оларды пайдаланудың вариативтігін көрсетеді. Педагогтарды өз бетінше дайындаған стандартты емес оқу құралдары дамытушылық ортаны толықтырады.

Ас үй-ас әзірлейтін блог бірінші қабатта орналасқан. Қажетті жабдықтар жиынтығы (тоңазтатын шкафтар- ____ дана, тұрмыстық тоңазытқыш-2 дана, электр

плиталары-2 дана, электрлі еттартқыш, көкөніс кескіш, картопаршығыш, электрлік су қайнатқыш) бар.

Кір жуатын орын автоматты басқарудағы кір жуу машинасымен, центрифугамен, кептіру барабанымен жабдықталған.

Медициналық кабинет жабдықталған, оқшаулайтын және егетін бөлме бар. Жаңа оқу жылына әдімтемелік кабинет көрнекі құралдармен толықтырылды.

Балабақшаның 2022-2023 оқу жылындағы қызметін талдау

2022-2023 оқу жылында балабақша қызметінің бағыты жылдық жоспардың міндетіне сәйкес жүзеге асырылды. Педагогикалық ұжым алдында мынадай міндеттер қойылды:

*Балабақшаның барлық қызмет түрлерін біріктіру арқылы тәрбиеленушілердің саламтты өмір салтын қалыптастыру:

*Жобалардың әдісі мен иновациялық технологияларды қолдана отырып, мектепке дейінгі жастағы балалардың көркемдік-эстетикалық бағыттағы білім беру қызметін жетілдіру:

*Жалпыадамзаттық құндылықтарға тарту арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың бойында отансүйгіштіктің негіздерін қалыптастыру.

2022-2023 оқу жылында педагогикалық ұжым қойылған міндеттерді толық көлемде жүзеге асырды.

Келесі оқу жылына жылдық міндеттерді қабылдау бойынша сауалнама, тестілеу, балабақша педагогтарымен әңгіме өткізілді.

2023-2024 оқу жылында

Балабақшада 7 топта 153 бала тәрбиеленіп, 28 жұмысшылар жұмыс атқаруда.

Соның 9 -і педагог мамандар:

Оның ішінде –1 меңгеруші

Психолог- 1

Ән-саз жетекші-1

Жоғары білімді –7

Арнаулы орта білімді - 2

Санатты- 0

Санатсыз –9

Курстан өткені (Өрлеу) – 2

Жаңартылған бойынша – 0

Курстан өтпегені – 7

Балалар жас ерекшелігі бойынша 7 топқа бөлінген:

1. Кіші «Балапан» топта -15 бала
2. Кіші «Балдырған» топта - 20 бала
3. Ортаңғы «Айгөлек» топта - 25 бала
4. Ортаңғы «Балауса» топта-24 бала
5. Ересек «Ақбота» топта - 25 бала
6. Ересек «Балбөбек» топта - 24 бала
7. «Қарлығаш» мад топта- 20 бала

Жұмыс мемлекеттік тілде жүргізіледі. Балабақша аптасына 5 күн жұмыс істейді.

1.2 2023-2024 оқу жылының жұмысын талдау.

2023-2024 оқу жылында жалпыға міндетті мемлекеттік стандарт бойынша

Оқу тәрбие процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары мен үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

28.08.2023 жылы 1 педагогикалық кеңесте 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары, күн тәртібі, оқу іс-әрекетінің кестесі, өтпелі тақырыптар, вариативтік компонент, қашықтықтан оқыту ҰОҚ, тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары, шығармашылық топ мүшелері, тәлімгерлерді жас мамандарға бекіту, оқу іс-әрекетінің ашық ұйымдастырылған көрсетілімдері және ашық есік күндері бекітілді. Топтардың оқу жылына дайындығы сарапталды.

2023-2024 оқу жылының бірінші жартыжылдығында тәрбиешілердің білімін жетілдіру, тәжірибе алмасу мақсатында «Жыл мезгілдеріне» арналған картотекалар көрмесі ұйымдастырылып, жеңімпаз педагогтар марапатталды.

Педагогикалық кеңестерге «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту» тақырыбында кеңес, «Балаларды креативтілік, сыни ойлау, коммуникативтілік және командада жұмыс істей білуге тәрбиелеу» және «Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану» тақырыптарында баяндама лар оқылып, талқыланды. Екі айда бір рет меңгеруші жанындағы кеңесте жоспарланған іс-шаралар және аудандық білім бөлімінен түскен кіріс құжаттар талқыланып іс-шаралар түзіліп, қаулылыр қабылданды.

Жалпы ата аналар жиналысы мен топтық ата-аналар жиналысы жоспарға сай өткізіліп отырады. Оқу жылының I, II жарты жылдығының қорытындысы бойынша балалардың білімін бағалау мониторингі және педагогтар өз істеген жұмыстарының қорытындысы бойынша есеп берді.

Оқу жылының міндеттемелері:

1. «Денсаулық» білім саласы:

1.1 Денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту;

1.2. Түрлі шынықтыру және сауықтыру шаралары арқылы дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, қауіпсіз мінез-құлықтарының қалыптасуына ықпал ету;

1.3 Әуенге сәйкес музыкалық-ырғақты қозғалыстар және жаттығуларды дұрыс орындауға үйрету.

2. «Таным» білім саласы:

Мемлекеттік ана тілін үйренуге дайын, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауға талпынысы бар мектепке дейінгі бала тұлғасын қалыптастыру.

Тілдерді меңгеру үдерісінде қатынас құралы ретінде балалардың тілдік ойлау әрекетін белсендіру. Тілдік шығармашылықты, сөз мәнерлілігін дамыту мақсатында жыл бойына жұмыстар жүргізілді.

Педагогтарға консультациялар бекітілген тақырыптар бойынша ұйымдастырылды. Бала тәрбиесінде жаңа инновациялық технологияны қолданудың тиімділігі, оқу тәрбие барысын жоспарлау, балабақшадағы театр сабақтары, мдұ балаларының танымдық тілдік дамуы, математикалық түсініктерді қалыптастыруда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану.

Жас мамандардың білім-білігін жетілдіру мақсатында: топтардағы құжаттарды рәсімдеу бойынша әдістемелік көмек көрсету, балалардың даму диагностикасын өткізу бойынша кеңестер, сабақтарға дайындық бойынша кеңестер, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын түсіну бойынша кеңестер, жас мамандармен тест өткізу, өз білімін жетілдіру, ұйымдастыру-педагогикалық шараларды жүргізу бойынша әдістемелік көмек көрсету, сабақтарға және күн тәртібіндегі сәттерге өзара қатысу, ата-аналармен жұмыс жүргізу бойынша кеңестер беріліп, жас маманның кәсіптік деңгейіне диагностика т.с.с. жұмыстар жүргізілді.

Балабақшаның жылдық жоспарында жоспарланған «Білім күні», «Республика күні», «Алтын күз», «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл», «8 наурыз-аналар мерекесі», «Наурыз», «1,7,9 мамыр

мерекелері», «1 маусым- Балаларды қорғау күніне» арналған іс-шаралар ата-аналардың қатысуынсыз ұйымдастырылып, өтілді.

Балалармен «Бағдаршамға», «Дүкенге», «Ардагерлер алаңына» серуендер ұйымдастырылды.

Оқу-тәрбие жұмысына бақылау жасау кестесі бойынша жоспарланған тексеру-бақылаулар жүргізілді.

Балабақша педагогтары мен тәрбиеленушілері түрлі сырттай ұйымдастырылған байқауларға қатысып жүлделі орындарды иеленді.

Балабақшада әр түрлі іс-шаралар, апталықтар, ертеңгіліктер мен ашық ҰОҚ, семинар-кеңестер жүйелі түрде ұйымдастырылып тұрады. Сапалы білім мен өнегелі тәрбиені әрбір бүлдіршіннің бойына сіңіру-балабақша қызметкерлерінің басты мақсаты. Балабақша педагогтары мен тәрбиешілерінің жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге деген талпыныстары нәтижесінде зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да қабілеттерінің қалыптасуы нәтижесінде оқу-тәрбие үрдісі алға жылжиды.

Қараша- наурыз айларында күнделікті орташа 20-22*С жылулық көрсетіп, жылу тәртібі сақталды.

Медбике А.Аманның ұйымдастыруымен балалар жарақатының алдын алу іс-шаралары, денсаулықты қорғау бағытында, балалар денсаулығына тұрақты талдау жүргізіліп, топтарда тамақ блогында, кір жуатын бөлмеде дезинфекциялық ережелерді орындау талап етіліп, бақылау жүргізіліп отырады.

Ата-аналармен жұмыс:

Жалпы ата-аналар жиналысы 3 рет, топ жиналыстары 3 рет өткізілді. Күн тәртібінде балалардың негізгі күзиреттіліктерін қалыптастыру және отбасында психологиялық-педагогикалық ыңғайлы жағдай мүмкіндіктерін қалай қалыптастыруын, отбасында баланы тәрбиелеу, дамыту, балаға эмоцияналды жағдай орнату мәселелерін шешу жолдарын бірлесе отырып шешуге әрекет жасадық. Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалармен айына 1 рет консультация өткіздік. Ата-аналармен сауалнама, пікір талас, тренингтер мен кеңестер ұйымдастырылды. Ата-аналар қанағаттануының нәтиже көрсеткіші орта есеппен 80 пайызды құрайды.

Балабақша ауданның басқа мекемелерімен: өрт сөндіру мекемесі, «Денсаулық» емханасы, СЭС, аудан басылымдарымен және «Өркен», «Отбасы және балабақша» балаларға арналған республикалық журналдар редакцияларымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізуде.

Шаруа-әкімшілік жұмыс: Шаруашылық меңгеруші Д.Жумадилов жаңа оқу жылына топтардың ағымдағы жөндеу жұмыстарын, жаз мезгілінде балалардың ойын алаңын дайындау, ыдыс-аяқ, жұмсақ жаймаларды жөндеп, жаңалау жұмыстарын жүргізді.

2022-2023 оқу жылындағы кемшіліктерді жою мақсатында келесі 2023-2024 оқу жылында мақсаттарды белгілеп жұмыс жүргізіледі.

Жыл бойында қол жеткізген жетістіктер көп болды, сонымен қатар көңіл бөліп қолға алатын мәселелерде жоқ емес. Оқу-тәрбие процесінде балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, зияткерлік қабілеттерін дамытуға көбірек көңіл бөлу. Жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыратын білім көтеру жұмыстарын жалғастыру. Жұмыс барысында жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді ендіру, жан-жақты ізденіп жұмыс жүргізу. Заманауи көрнекіліктермен қамтамасыз ету, сертификатталған ойыншықтар жиынтығын көбейту.

Өткен оқу жылының қорытынды мониторинг нәтижесі және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатына сәйкес Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 -2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген, мектепке

дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады.

Балалар біздің баға жетпес асыл қазынамыз. Балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту үшін тәрбие мен білім беру тығыз бірлікте, біртұтас жүйеде жүргізілуі керек. Сапалы білім саналы тәрбиемен ұштасқанда ғана қоғам өзінің рухани дамуында нәтижеге қол жеткізбек. Бала жүйелі білім алып, алған білімін есте сақтап және сол білімді тәжірибеде пайдалана білгенде ғана жеке тұлға ретінде қалыптасады.

1.3 2023-2024 оқу жылындағы негізгі мақсат-міндеттер.

- Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлыдамытушықауіпсізбілімберуортасын,оныңішіндеинклюзивтіортақұру;
- Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмірсалтынегіздерін,қауіпсізөмірсүрудағдыларынқалыптастыру;
- Тәрбиеленушілердіңқимыл-қозғалыс,бейімделу,коммуникативтік,эмоционалдық,әлеуметтік,когнитивтікдағдыларынқалыптастыру;
- Отанды,анатілінсүюге,ұлттықбірегейлікпеназаматтықнегіздерінежәнепатриотизмгебаулу;
- Баланыңмектептеоқуғафизикалық,психологиялық,эмоционалдық,әлеуметтікдайындығынқалыптастыружәнетеңбастапқымүмкіндіктерберу.

Тәрбиелеу-білімберу процесін ұйымдастыруда педагогтергекелесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойынарқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

1.4 Балабақшаның күн тәртібі

№	Күн тәртібінің элементтері	Кіші топ	Ортаңғы топ	Ересек топ	МАД топ
1	Балаларды қабылдау	08.00-08.20	08.00-08.20	08.00-08.20	08.00-08.10
2	Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	08.00-08.20	08.00-08.20	08.20-08.30	08.00-08.10
3	Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б әрекеттер)	08.20-08.55	08.20-08.40	08.30-08.45	08.10-08.20
4	Таңертеңгі жаттығу	08.55-09.00	08.40-09.00	08.45-09.00	08.20-08.35
5	Таңғы ас	09.00-09.30	09.00-09.30	09.00-09.30	08.35-09.00
6	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	09.30-09.40	09.30-09.55	09.30-09.45	09.00-09.15
7	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	09.40-09.55	09.55-10.35	09.45-10.30	09.15-10.55
8	Серуенге дайындық	09.55-10.15	10.35-10.55	10.30-10.40	10.55-11.10
9	Серуен	10.15-11.55	10.55-12.00	10.40-12.20	11.10-12.35
10	Серуеннен оралу	11.55-12.15	12.00-12.20	12.20-12.30	12.35-12.50
11	Түскі ас	12.15-12.55	12.20-13.00	12.30-13.00	12.50-13.20
12	Күндізгі ұйқы	12.55-15.00	13.00-15.10	13.00-15.20	13.20-15.20
13	Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	15.00-15.20	15.10-15.30	15.20-15.40	15.20-15.50
14	Бесін ас	15.20-16.00	15.30-16.00	15.40-16.00	15.50-16.10
15	Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б әрекеттер)	16.00-16.30	16.00-16.30	16.00-16.15	16.10-16.40
16	Балалармен жеке жұмыс	16.30-17.00	16.30-16.50	16.15-16.30	16.40-17.00
17	Серуенге дайындық	17.00-17.20	16.50-17.00	16.30-16.50	17.00-17.20
18	Серуен	17.20-18.00	17.00-18.00	16.50-18.00	17.20-18.00
19	Балалардың үйге қайтуы	18.00-18.30	18.0-18.30	18.00-18.30	18.00-18.30

1.4 Үлгілік оқу жоспары «Ұлжан-Ана» бөбекжай- балабақшасы 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспары

1.5

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Кіші жас «Балапан» тобының (2 жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру**	Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	Күн сайын	
	Көркем әдебиет	Күн сайын	
3	Сенсорика	Күн сайын	
4	Сурет салу	Күн сайын	
	Мүсіндеу	Күн сайын	
	Жапсыру	Күн сайын	
	Құрастыру	Күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу	Күн сайын	
6	Музыка	Күн сайын	1
	Музыка***		
7	Барлығы:		4



«Ұлжан-Ана» бөбекжай-балабақшасы 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ортаңғы «Айгөлек» «Балауса» «Балдырған» тобының (3 жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру**	Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	Күн сайын	
	Көркем әдебиет	Күн сайын	
3	Қазақ тілі		1
	Қазақ тілі***	Күн сайын	
4	Математика негіздері	Күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын	
6	Құрастыру	Күн сайын	
	Сурет салу		
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
7	Музыка		1
	Музыка***	Күн сайын	
8	Барлығы:		5



Бекітемін:
ЖШС «Ұлжан-Ана» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
М.Ахмедиева.

«Ұлжан-Ана» бөбекжай-балабақшасы 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ересек «Балбөбек», «Ақбота» «Балдырған» тобының (4 жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативті жүктеме
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру**	Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	Күн сайын	
	Көркем әдебиет	Күн сайын	
3	Қазақ тілі		1
	Қазақ тілі***	Күн сайын	
4	Математика негіздері	Күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын	
6	Құрастыру	Күн сайын	
	Сурет салу		
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
7	Музыка		2
	Музыка***	Күн сайын	
8	Барлығы:		6



Бекітемін:
ЖШС «Ұлжан-Ана» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
М.Ахмедиева.

«Ұлжан-Ана» бөбекжай- балабақшасы 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	МАД «Қарлығаш» тобының (5 жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене тәрбиесі		3 сағат
	Дене тәрбиесі**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған әлеммен таныстыру		2 сағат
	Зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат



БЕКІТЕМІН:
ЖШС «Ұлжан-Ана» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
М.Ахмедиева.

Ұйымдастырылған іс әрекетінің кестесі

Кіші жас « Балапан » тобы (2 жастан бастап)

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Денсаулық»-3		Дене шынықтыру	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру
«Музыка» -1				Музыка	

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.



Бекітемін: 335
ЖШС «Ұлжан-Ана» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
М.Ахмедиева.

**Ортаңғы «Айгөлек» «Балауса» «Балдырған» тобы
(3- жастан бастап)**

ҰІӘ	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Денсаулық» -3		Дене шынықтыру		Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
«Музыка» -1			Музыка		

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.



Бекітемін: 335
ЖШС «Ұлжан-Ана» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
М.Ахмедиева.

**Ересек «Балбөбек», «Ақбота» «Балдырған»тобы
(4- жастан бастап)**

ҰІӘ	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Денсаулық» -3		Дене шынықтыру		Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
«Музыка» -1			Музыка		

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.



Бекітемін:
ЖШС «Ұлжан-Ана» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
М.Ахмедиева.

Мектепалды даярлық «Қарлығаш» топ

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері	Сауат ашу негіздері	Математика негіздері	Математика негіздері	Сауат ашу негіздері
	Қазақ тілі	Математика негіздері	Қазақ тілі	Сөйлеуді дамыту	Сурет салу (мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)
	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру
	Қоршаған ортамен таныстыру	Сөйлеуді дамыту	Көркем әдебиет	Қоршаған ортамен таныстыру	Көркем әдебиет

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын
3	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын
5	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын
6	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын
8	Музыка****	күн сайын

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.

1.6 Бір жылға арналған іс- шаралар кестесі

№	Балабақша іс- шаралары	ҮІІ	ІХ	Х	ХІ	ХІІ	І	ІІ	ІІІ	ІУ	У	УІ	УІІ
1	Педагогикалық кеңестер	+			+			+			+		
2	Меңгеруші жанындағы кеңестер		+			+		+		+		+	
3	Өндірістік кеңестер	+			+		+			+			
	Әдістемелік кеңестер		+			+			+				
4	Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер			+				+					
5	Семинар-практикум			+				+					
6	Педагогтарға арналған кеңес- нұсқаулар	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
7	Ата-аналар жиналысы: • Жалпы • Топтық • Ата-аналарға консультация • Ашық есік күндері		+								+		
			+			+					+		
			+	+	+	+	+	+	+	+	+		
					+					+			
8	Бақылау мен басшылық • Шолу • Тақырыпты • Салыстыру • Жан- жақты • Жедел бақылау • Мониторинг • Қорытынды	+		+			+			+			
						+		+					
			+				+			+	+		
			+			+	+					+	
						+				+			+
9	Бала өмірін қорғау бойынша инструктаж		+			+						+	
10	Әдіскерлік бөлменің жұмысы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
11	Мерекелік іс шаралар	+	+	+		+			+		+	+	+
12	Көрмелер мен байқаулар			+			+			+			
13	Денсаулық күні, мерекелер						+			+			
14	Мақсатты серуендер		+							+			
15	Әкімшілік- шаруашылық жұмысы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+

2. Кадрлармен жұмыс

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Аттестаттау кестесін және жұмыс жоспарын құрастыру. Кеңес «Нормативтік заңнамалы базасы және аттестаттаудан өту бойынша әдістемелік ұсыныстар» Өз білімін жетілдіру папкасымен жұмыс	Қазан	Меңгеруші, педагогтер
2	Мектепке дейігі тәрбиемен оқыту сапасын арттыру, қауіпсіз қолайлы орта жасау мақсатында жұмыстар.	Қаңтар	Меңгеруші, педагогтер
3	Аудандық семинар «Инновациялық технологиялар арқылы сөйлеу қызметін дамыту»	Наурыз	Меңгеруші, педагогтер
4	1. Ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізуге керекті көрнекілік құрал- жабдықтарды, дидактикалық материалдарды дайындауға көмектесу.	Мамыр	Меңгеруші, педагогтер

2.1 Педагогикалық кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	№ 1 Педагогикалық кеңес 1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың қорытынды есебі. Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӨ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекіту. Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекіт, комиссияның құрамын сайлау. Тәрбиешілерді топтарға бекіту.	Тамыз	Меңгеруші М.Ахмедиева
2	№2 Педагогикалық кеңес 1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы. 2. Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жасалынған бақылаудың қорытындысын талдау. 3. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерін талдау. 4. Баяндама: «Баланың балабақшаға бейімделуі» 5. «Гүл композиция жасау» көрмесінің қорытындысы. 6. «Біз біргеміз» педагогтарымен тренинг.	Қараша	Меңгеруші М.Ахмедиева Меңгеруші М.Ахмедиева Тәрбиешілер

3	№3 Педагогикалық кеңес 1. №2 педагогикалық кеңестің шешімін орындау туралы. (жауапты/меңгеруші К.Тайшабаева) «2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығындағы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындысы» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел. 2. «№3 педагогикалық кеңеске салыстырмалы бақылау нәтижелері» балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің қорытындылары». 3. «I жартыжылдықтағы жұмыс нәтижелері туралы педагогтарын талдамалық есебі» 4. «I жартыжылдықта жеке даму балаларға арналған топтарда мектеп жасына дейінгі балаларға жүргізілген түзету әсерінің нәтижелерін сапалы бағалау» тақырыбы бойынша есеп . 5. «2023-2024 оқу жылының № I жартыжылдығындағы педагогтардың есебі. 6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 12.11.2021. № 561 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары және шарттарымен танысу. 2023-2024 оқу жылына аттестаттау комиссиясының, сараптамалық кеңестің құрамын қайта сайлау. (жауапты/меңгеруші К.Тайшабаева). 7. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларымен танысу (жауапты/меңгеруші М.Ахмедиева). Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оны талқылау, толықтыру. (жауапты/меңгеруші М.Ахмедиева).	Ақпан	Меңгеруші М.Ахмедиева Тәрбиеші Меңгеруші М.Ахмедиева

	№4 Педагогикалық кеңес Тақырыбы: «2023-2024 оқу жылының қорытындылары». Мақсаты: Балабақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу 1. №3 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау 2. Оқу процесінің жылдық қорытындысы 3. Тәрбиешілер мен педагоготардың мейірбикелердің жылдық жоспары		Меңгеруші М.Ахмедиева
4	№5 педагогикалық кеңес 1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы. 2. Балалардың білім, білік, дағдыларының даму көрсеткіштері. 3. Мектепке дейінгі білім беру стандарттарының орындалуы. 4. Ата-аналармен өзара байланыс және серіктестік жұмыстары. 5. Тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін арттыру жолдары.	Мамыр	Меңгеруші М.Ахмедиева Меңгеруші М.Ахмедиева

2.2 Өндірістік кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	жауаптылар
1	1.Жазғы ағымдағы жөндеу жұмыстарының қорытындысы туралы; 2.Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелерін бекіту; 3.Жұмысшыларға міндеттемелерді жүктеу; 4. Еңбек қауіпсіздігі туралы нұсқаулық;	Тамыз	Меңгеруші М.Ахмедиева Шар мең. Д.Жумадилов

	5.«Өрт қауіпсіздігі» қауіпсіздік ережелері туралы нұсқау жүргізу.		
2	1.Өткен кенестің шешімдерінің орындалуы; 2.Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар жүргізу; 3.Жаңа жыл мерекесіне дайындық өрт қауіпсіздігі ережелері туралы нұсқау жүргізу; 8. Жылу мәселесі бойынша; 9. Қызметкерлердің жыл сайынғы ақы төленетін кезекті еңбек демалысының кестесін бекіту.	Желтоқсан	Мей Меңгеруші М.Ахмедиева Мейірбике А.Аман Шар. мең Д.Жумадилов
3	1.Өткен кенестің шешімдерінің орындалуы; 2.«Төтенше жағдайлар кезінде балабақшадағы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі ережелері» туралы; 3.Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы; 4.Көгалдандыру жұмыстары туралы.	Наурыз	Меңгеруші М.Ахмедиева Шар.мең. Д.Жумадилов Мейірбике А.Аман Шар.мең. Д.Жумадилов
4	1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы. 2.Баяндама; Ішек жұқпалы аурулардың (гастроэнтероколит, дизентерия) алдын алу; 3.Жазғы мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық. 4.Жазғы хөндеу жұмыстары туралы. 5.Кәсіподақ жыл бойы атқарған жұмыстары туралы. .	Мамыр	Меңгеруші М.Ахмедиева Мейірбике А.Аман Меңгеруші М.Ахмедиева Ш/м. Д.Жумадилов Кәсіподақ төрайымы

2.3 Меңгеруші жанындағы кеңестер.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	1.Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талдау. 2. Білім күнін атап өту. 3. Балабақшаның жалпы ата аналар жиналысы мен жеке топтардағы ата-аналар жиналысының жылдық жоспарын бекіту. 4. Тіл мерекесін ұйымдастыру. .	Қыркүйек	Меңгеруші тәрбиешілер
2	1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы. 2.Оқу процесіне басшылықпен бақылау. 3.Балабақшаның санитарлық гигиеналық жағдайы мен күн тәртібінің сақталуы туралы «Тіл апталығын» мерекесін талқылау. 4. «Алтын күз» мерекесін қашықтықтан өтізу.	Қараша	Меңгеруші М.Ахмедиева Тәрбиеші Р.Әбдуәлі
3	1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы. 2. «Тәуелсіздік күні»мерекелерін өткізу. 3.Балабақшада Құқықтық тәрбиенің жүзеге асуы.	Қаңтар	Меңгеруші М.Ахмедиева Тәрбиешілер
4	1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде. 2. 8 наурыз, Наурыз мерекелеріңіз сценарилерін бекіту. 3. Топ бөлмелерін балабақша ауласын көгалдандыру. 4.Таңертеңгі жаттығу спорттық құралдар пайдалану және жоспарлау. 5. Балабақшада вирустық аурулардың алдын алу оның ішінде коронавирустық инфекцияның алдын алу.	Наурыз	Меңгеруші М.Ахмедиева Тәрбиешілер Меңгеруші М.Ахмедиева тәрбиешілер
5	1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы. 2. Мерекелерді талқылау. 3.Оқу бағдарламасының меңгеруі 4.Қош бол балақша! 4. Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту	Мамыр	Меңгеруші М.Ахмедиева Меңгеруші

6	1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.. 2.Тамақтануды және ас әзірлейтін бөліктің жұмысын ұйымдастыру. 4.Жөндеу жұмыстары жөнінде. 5.Жаңа оқу жылына дайындық.	Шілде	Меңгеруші М.Ахмедиева
---	---	-------	--------------------------

**2.4 2023 – 2024 оқу жылында
педагогикалық кадрлардың аттестаттаудан өту кестесі**

№	Педагогтың аты-жөні	Қызметі	Бітірген оқу орны	Мамандығы	Санаты	Курст ан өткен жыл	2023-2024	2024-2025	2025-2026
1	Ахмедиева Мадина Абдуалиевна	меңгеруші	Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті 2013ж	«Педагогика және психология»		2022	+		
2	Султанова Гулзат Хожаназаровна	Психолог \тәрбиеші	Оңтүстік Педагогикалық университеті 2017ж	«Педагогика және психология»				+	
3	Әбдуәлі Рыскул Мухтарқызы	тәрбиеші	Орталық инновациялық Азия универ 2021ж.	«Бастауыш білім беру»				+	
4	Шылгаубаева Гулдана Турарбековна	тәрбиеші	№1 Алматы Қазақ мемлекеттік педпгогикалық колледж 2014ж..	«Бастауыш білім беру"		2022	+		
5	Жолдасова Азиза Нарбаевна	тәрбиеші	Ғ.Муратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық техникалық колледжі. 2020ж.	"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту"			+		
6	Кулумбетова Зылиха Будабаевна	тәрбиеші	Сырдария университеті 2018ж	"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі"		2022	+		
7	Сапарбекова Таңшолпан Дүйсебайқызы	тәрбиеші	Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті 2023ж.	"Мектепке дейін оқыту және тәрбиелеу"					+

8	Ибрагимова Азиза Омарқызы	тәрбиеші	Сырдария университеті 2017ж	"Химия"			+		
9	Еспенбетов Мамадияр Бақтиярович	Саз жетекші	Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті 2017ж	Музыкалық білім бакалавры			+		

2.6 Мектеп пен балабақша арасындағы байланыс жұмыс жоспары

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	«Мектеппен балабақша арасындағы сабақтастық» дөңгелек үстел	Қазан	Меңгеруші
2	Мектептегі мектепалды топ мұғалімдері үшін балабақшаның ересектер тобына ашық есік күндерін ұйымдастыру	Қаңтар	МАТД топ
3	22-наурыз Ұлыстың ұлы күніне орай өткізілетін іс шараға мектептегі мектепалды дайындық мұғалімдерін шақыру	Наурыз	Меңгеруші Саз жетекші
4	«Балаңыз мектепке дайын ба?» ата-аналарға сауалнама	Сәуір	Ересек топ

2.7 Педагог-психологтың жұмыс жоспары

Мақсаты:Сапалы тәрбие беру үшін әлеуметтік-психологиялық жағдай қалыптастыру; білім беру саласында балалардың психологиялық дамуына көмектесу.

Міндеттері: 1.Психологиялық саулықтарын нығайту, жасы мен жеке дамуын ескере отыра, балабақшада әр балаға ыңғайлы жағдай жасау;
2. Білім беру саласында әр балаға дер кезінде психологиялық көмек пен алдын-алу жұмыстарын жүргізу.
3. Педагог кадрлар мен ата-аналар қауымының психологиялық саулық туралы түсінігін кеңейту.

Жылдық жұмыс бағыттары:

- Ақпаратты –аналитикалық бағыт;
- Психодиагностика;
- Түзету-дамытушылық;
- Кенес беру;
